

Т.ғ.к., доцент Карсыбаева Ж.А., Саккулова А.А., Байбатыров А.Ж.

Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Жамбыл өңірі: әйелдердің майдан мен тылдағы ерлігі

Ұлы Отан соғысы жылдары ұрыс даласындағы ерлермен бірге әйелдер де ерлікпен соғысқаны белгілі. Сонымен қатар, майдандағы ерлікпен тең түсетін тылдағы ауыр еңбекті де атқарған нәзік жанды әйелдер қауымы, жасөспірім балалар, қарт адамдар да қол еңбегі басым шаурашылық пен өнеркәсіптің ауыр қара жұмыстарын жасады.

Соғыс жылдары тылдағы өмірді әскери жағдайға бейімдеуде жүргізілген жұмыстар: үш күндік, он күндік декадалар, социалистік жарыстар, әр трлі соғыс салықтары, қоғамдық жұмыстар, әйелдер кеңесінің жұмысы, алдын-ала міндеттемелер алу және басқа да қоғамдағы жаңа тәртіптер көбейді. Ауыл шаруашылығы саласындағы бұрын ер адамдар атқарған жұмыстарды: трактор, комбайн жүргізу, ұсталық, механизатор, токарь, слесарь және басқа да мамандықтарды әйел адамдардың игеруі үшін кеңес үкіметі тиісті саясат жүргізген. Мәселен, Жамбыл облысының кейбір аудандары бойынша жаңа мамандар даярлау туралы мәліметтер кездеседі: Свердлов ауданда 63 тракторшы, 27 механизатор, 67 комбайншы, Луговой ауданында 68 таркторшы, 86 механизатор, 59 комбайншы, 32 комбайнерге көмекші дайындалған [1, 157 б.].

Сонымен қатар зауыттарда токарь, электр дәнекерлеуші, слесарь, депода вагондық мастерлер, басқа да жұмыс түрлеріне әйелдердің араласқандығы туралы айтылған. Ал қалалық сауда орындарында 45, машинка теру мамандығы бойынша 30, ет комбинатынағы әртүрлі жұмыстарға 21 әйелдің тартылғандығы туралы мәлімет беріледі [1,157 б.].

Егер 1941 жылы қыздар ер-азаматтардың ауыр жұмыс бөлігін енді ғана үйрене бастаған болса, 1942-1943 жылдары сан жағынан әлдеқайда өскен. Мысалы, 1942 жылы тек Шу ауданындағы 561 әйел түрлі жаңа мамандықтарды игеріп үлгерген. Шу депосында мастерлік жұмыстарды Семеновская, Кириллова, Шалимова, Шу станциясында Новозная, Русанова, бұрынғы үй шаруасындағы Аннаненкова, Писаренколар слесарь жұмысын игере сала, оны 200 пайызға жуық артығымен орындап жүрген. Әсіресе, рекордтық көрсеткіштерді Сталин атындағы колхоздың мүшесі Қибат Тәшкентбаева, «Ақтөбе» колхозының мүшесі Халықова мақта теруда күндік нормаларын 500 пайыздан жоғары орындаған. Ал тракторшылар Шичкина, Жаравина т.б. қыздар зябь жырту, машина ремонттау ісін толық игеріп алғандығы туралы айтылады [1, 158 б.].

Сонымен бірге әйелдер басшылық ісіне де белсенді араласқан. Осындай ауыр жұмыстарды атқарып жүрген тыл еңбеккерлеріне түскен тағы бір салмақ «соғыс өнерін үйрену» болды. 1941 жылы 1 қазанда шыққан КСРО басшылығының арнайы үкімі бойынша 16 жас пен 50 жас аралығындағы ер азаматтардың әскери оқуы міндеттелді. Бұл даярлықтан 18-19 жастағы ер балалар мен қыздар да қатыстырылағн. Соғыс өнерін үйрету көбіне қыс айларында өткізілген [1, 159 б.].

Жалпы соғыс жылдарында Жамбыл облысы бойынша темір жол транспортында 764 әйел адам қызмет еткен. Оның ішінде 490-ы жоғары мамандық иелері болған. Оның 309-ы стахановшы атағын алған. 1944 жылғы қорытынды есептерде көрсетілгендей, облыстың барлық колхоздары мен совхоздарында мал шаруашылығы саласында 3577 кадр дайындалса, оның 2113 (59 пайыз) әйелдер, ал Ұлы Отан соғысының барлық жылдары бойынша мал шаруашылығындағы 9771 адам жаңа кадрлар болса, оның 5819-ы (60 пайызы) әйелдер [1, 160 б.].

Жамбыл облысы бойынша жарық көрген Боздақтар жинағында Жмарева Галина Фоминична қатардағы жауынгер ретінде айтылады. Ол 1913 жылы Харьков облысы Березов селосында туған. Ұлты орыс, Жамбыл ауданында

жұмыс жасаған. Әскерге Жамбыл аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 1943 жылы 25 маусымда майданда қаза тапқан, Мәскеу облысы Дмитриевка ауданы, Дядонов селосында жерленген.

Жамалиева Зейнеп қатардағы жауынгер. 1912 жылы «Ынтымақ» ауылында туған. Ұлты татар. Колхозда еңбек еткен. Әскерге Жамбыл аудандық әскери комиссаританына шақырылған. 1942 жылы майданда қаза тапқандығы туралы жазылған.

Закирова Зинаш. 1919 жылы туған, ұлты-өзбек. Соғыс кезінде ерлікпен шайқасып 1941 жылы майданда қаза тапқан. [2, 145 б.].

Жамбылдықтардың соғыс майданына берген көмегі - ұшан теңіз. Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің әскери бөліміне жолданған ақпарда 1946 жылдың 1 қазанына дейін майданнан 11423 майдангер аралғанын жазған, оның 132- сі ғана әйел адам болған.

Қорыты келе, Ұлы Отан соғысына тартылған жамбылдық қыз- келіншектер санына тақталайық. Соғыс жылдарында 270 жамбылдық нәзік жандылар майдан даласында қасық қаны қаны қалғанша шайқасты. Жас ұрпақ үшін жанын қиған әрбір соғыс ардагерін мәңгі есімізде сақтауымыз керек. Олар біздің мақтанышымыз болып қала бермек.

Әдебиеттер:

1. Жамбыл облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945 жж.).- Алматы: Арыс, 2015. 582 б.
2. Боздақтар. Жамбыл облысы. Алматы: Қазақ Энциклопедиясы Бас редакциясы, 1995.-376 б.